

# 15 НАУРЫЗ | Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

## РЕФЕРЕНДУМ

ABAI: Adamzattyń bárin súı baýyrym dep.

Аймақтық қоғамдық-саяси газет • Газет 1932 жылдың 1 мамырынан бастап шығады



# BALQASH ÓNIRI

balqash\_oniri\_gazeti

balkhashoniry@mail.ru

№12 (13478), 18 АҚПАҢ, СӨРСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

Нұрдос МАРАТУҰЛЫ,  
«BALQASH ÓNIRI»

✓ СҮЙІНШІ!

## Көк мұз үстінде желбіреген көк Ту!

ИТАЛИЯ ТӨРІНДЕ ӨТІП ЖАТҚАН 2026 ЖЫЛҒЫ ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ ҚАЗАҚСТАН СПОРТЫНЫҢ ТАРИХЫНА АЛТЫН ӘРІППЕН ЖАЗЫЛАТЫН ҰЛЫ ЖЕҢІСПЕН АЙШЫҚТАЛДЫ. ЕЛ НАМЫСЫН АРҚАЛАҒАН МӨНЕРЛЕП СЫРҒАНАУШЫ МИХАИЛ ШАЙДОРОВ ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ АТАНЫП, ХАЛҚЫМЫЗҒА ТЕНДЕССІЗ ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ!

Қысқа бағдарлама қорытындысында 92,94 ұпаймен бесінші орынға табан тіреген Шайдоров еркін бағдарламада нағыз мінез көрсетті. Мұз айдынында бес бірдей төрттік секіруді сәтті орындап, 198,64 ұпай жинады. Қорытындысында 291,58 ұпаймен қарсыластарынан оқ бойы озып, Олимпиада алтынның иеленді!

Күміс жүлде жапониялық Юма Кагиямаға (280,06 ұпай) бұйырса, қола медальді оның отандасы Шун Сато (274,90 ұпай) еншіледі. Осылайша бұл күн – қазақ елінің тарихи күніне айналды.

Ең бастысы – бұл алтын Қазақстан үшін 32 жылдан кейін келген тарихи жеңіс! Бұған дейін қысқы Олимпиадада көк байрағымызды тұғырдың ең биігіне көтерген спортшы – 1994 жылы 1994 жылғы Қысқы Олимпиада ойындары чемпионы атанған даңқты шаңғышы Владимир Смирнов болатын. Содан бері



дәл осындай қуанышты сәтті күллі ел болып күткен едік.

Міне, араға 32 жыл салып, алтын қайта оралды! Бұл – тек бір спортшының жеңісі

емес, бұл – Тәуелсіз елдің табандылығы мен қайсар рухының жемісі!

Қазақ спортының көкжиегі кеңейіп, жеңісті күндеріміз көбейе берсін!

✓ РЕСМИ

## «Референдум тағайындалған күн туралы»

2026 жылдың 15 наурызында Республикалық референдум өтеді.

Референдумға қатысу құқығына 18 жасқа толған Республика азаматтары ие болады. Референдум ерікті қатысу, еркін ерік білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалшыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру қағидаттарына сай өтеді. Референдумда «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылды.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.

Еркеназ БАҚТОРАЗ,  
«BALQASH ÓNIRI»

## Қалалық коалиция өз жұмысын бастады

13 АҚПАҢ КҮНІ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ БАЛҚАШ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҒИМАРАТЫНДА МАҢЫЗДЫ ЖИЫН ӨТТІ. ШАҒЫН ШАҒАРДА «ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН» ҚАЛАЛЫҚ КОАЛИЦИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСТАМА АЯСЫНДА ҚҰРЫЛУДА ЕКЕНІ РЕСМИ ТҮРДЕ ЖАРИЯ ЕТІЛДІ. БҰЛ БАСТАМА – АЛДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТЕТІН РЕФЕРЕНДУМ АЯСЫНДА ХАЛЫҚПЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫС ОРНАТЫП, ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ.

Жаңа құрылып жатқан қалалық коалиция құрамына 20-дан астам белсенді азамат енді. Олардың қатарында түрлі қоғамдық ұйым өкілдері, жалынды жастар,



ел ағалары саналатын ақсақалдар және мәслихат депутаттары бар. Яғни, коалиция құрамы қоғамның әр саласын қамтып, көпшілік пікірін ескеруге негізделген. Қалалық коалиция «Аманат» партиясы жанынан құрылуда. Негізгі мақсат – республикалық коалиция жұмысына үн қосу, алдағы референдум мен қабылдануы мүмкін

конституциялық жоба төңірегінде халыққа жан-жақты әрі түсінікті ақпарат беру. Әсіресе, тұрғындардың көкейіндегі сұрақтарға нақты, егжей-тегжейлі жауап қайтару – коалиция жұмысының басым бағыты болмақ.

Коалиция төрағасы Дидар Мұратұлы өз сөзінде бұл бастаманың маңыздылығына тоқталды:

– Бүгін Балқаш қаласында «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін» қалалық Коалициясы республикалық бастама аясында құрылуда. Құрамына 20-дан астам азамат кірді. Олар әртүрлі қоғамдық ұйымдардан, жастардан, ақсақалдардан және депутаттар корпусынан құралған. Негізгі миссиямыз – халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Келе жатқан референдум аясында қабылданатын конституциялық жоба бойынша тұрғындардың сұрақтарына егжей-тегжейлі жауап беру. Осы мақсатта коалиция құрылып, алғашқы отырысы алдағы кезеңге арналған жұмыс жоспары талқыланып, ақпараттық-түсіндіру кездесулерін ұйымдастыру, тұрғындармен ашық форматта пікір алмасу, сұрақ-жауап алаңдарын өт-

15 НАУРЫЗ | Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

## РЕФЕРЕНДУМ

кізу секілді бағыттар айқындалды. Сонымен қатар, әрбір коалиция мүшесіне нақты міндеттер жүктелді.

Қалалық коалицияның құрылуы – қоғаммен кері байланысты күшейтіп, елдік маңызы бар шешімдерге тұрғындардың белсенді қатысуына мүмкіндік беретін алаң болмақ. Алдағы уақытта коалиция мүшелері еңбек ұжымдарында, білім беру мекемелерінде және түрлі қоғамдық орындарда кездесулер өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр. Осылайша, Балқашта басталған бұл бастама – азаматтық жауапкершілікті арттыруға және маңызды саяси науқан аясында халықтың ақпараттану деңгейін көтеруге бағытталған жүйелі жұмыстың бастауы болмақ.